

Психологтың ПДК «Ақ қоян» тобына арналған 2023-2024 оқу жылына қорытынды есебі.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында «Ақ қоян» психикалық дамуы кешеуілдеген тобында 5 бала, яғни әртүрлі психологиялық медициналық диагнозы бар балалар қабылданды. Қазан айында Буданов Ибрахим жай топқа ауыстырылды және де осы айда Аманкелді Медина тобымызға келіп қосылды. Қаңтар айында Сергей Әділхан, Аманғали Ақнұр қосылды.

Балалардың балабақшаға бейімделуіне, адаптациялық кезеңнен өтуіне психологиялық көмек-көрсету, жаңадан келген балалармен танысып топ тізімі дайындалды.

Балалардың балабақшаға бейімделуін анықтау мақсатында тәрбиеленуші әр балаға жеке парақша арнап олардың күнделікті эмоционалдық көңіл-күйлерін, басқа балалармен қарым-қатынасын, оқу іс-әрекетіне және ойынға деген қызығушылығын бақылау жұмыстары жүргізілді. Баланы балабақшаға қызықтыратын, көңіл күйін көтеретін бұрыштар дайындалды.

Балабақшаға жаңадан қосылған балалардың ата-аналарының әлеуметтік жағдайын анықтау мәліметі тәрбиешілермен бірлесіп жасақталынды. «Психологиялық ойын» арқылы балалардың ойынның әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру, танымдық процесстерін дамыту, көңіл-күйлерін қалыптастыру, белсенділіктерін арттыру мақсатында түзету-дамыту, жеке жұмыстары жүргізілді: психологиялық диагностикада таным процестерін зерттеу, мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Психодиагностика қорытындысында ойлау, есте сақтау қабілеттері, зейіні «төмен» деңгейді көрсеткен балалар, берілген сурет арқылы әңгіме құруға қиналатыны, сөздік қоры аз екені байқалды.

Танымдық қабілеттері төмен көрсеткішті көрсеткен балалармен жеке түзету жұмыстары, жас ерекшеліктеріне сай қабілеттерін нығайтып, арттыру мақсатында жүргізілді.

Қабылдауы төмен балалармен: «Сиқырлы қапшық», «Тауып көр», «Үлкен-кіші», «Ұзын-қысқа», «Моншақ», «Жыл мезгілдері» ойындары өткізілді.

Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде балаларға артикуляциялық жаттығу, тыныс алу жаттығулары, тілдік қимылдық жаттығулары, саусақ жаттығулары жасатылды.

Танымдық қабілетін дамыту барысында әртүрлі ойындар ойнатып, суретпен жұмыс жүргізілді. Сенсорлық, сенсомоторлық қабілетін, перспективті моторлық қабілетін дамыту барысында жұмыс жүргізілді.

Оқу жылы аяғында балалардың психологиялық танымдық көрсеткіштері орташа, жақсы деңгейге көтерілді. Әр аптаның соңында ата-аналармен байланыс жүргізіп оларға кеңес беріліп, әр балаға үй тапсырмасы беріліп отырды.



